



МӘДЕНИ ОРДАҒА АЙНАЛДЫ

6-БЕТ | РУХАНИЯТ



ҰЛТТЫҚ БОЛМЫС ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ

7-БЕТ | ҚОҒАМ



АШЫҚ АСПАН АСТЫНДАҒЫ МУЗЕЙ

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Алтын Орда мұрасы ұшан-теңіз. Біз осы алып рухани, тарихи қазынаны XXI ғасырға бейімдеп, жаңғырту үшін жүйелі жұмыс жүргізіп келеміз. Менің бастамаммен Қазақстанда Жошы Ұлысын зерделеу институты құрылды. Бұл – осы тақырыпты терең зерттеумен айналысатын тұңғыш ғылыми мекеме. Қазіргі таңда әзірленіп жатқан Қазақстан тарихының академиялық жинағында алғаш рет Алтын Ордаға жеке том арналып отыр.

№59 (4957)

Бейсенбі 21 мамыр 2026 жыл



# ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



## АСТАНА ТУРАЛЫ ЗАҢ ҚАБЫЛДАНДЫ

Парламент астана мәртебесін айқындауға, мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға және азаматтар үшін жайлы әрі қауіпсіз қалалық орта қалыптастыруға бағытталған «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Конституциялық заңды екінші оқылымда қабылдады.

Заңда жергілікті мемлекеттік басқарудың ерекшеліктері қарастырылған. Олардың қатарында астананың республиканың саяси, әкімшілік, мәдени және экономикалық орталығы ретіндегі рөлін атқару үшін жағдай жасау, орнықты әлеуметтік-экономикалық және инфрақұрылымдық дамуы арқылы оның бәсекелестік мүмкіндігін арттыру, сондай-ақ халықаралық қатынастар орталығы ретіндегі рөлін күшейту бар. Бұдан бөлек, Астана қаласы мәслихаты мен әкімдігінің өкілеті бекітіледі. Мәслихат басқа мемлекеттердің жергілікті өкілді органдарымен халықаралық байланыстар орнатады, мемлекет қажеттілігі үшін жер телімін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару туралы шарттардың жобаларын келіседі, қала құрылысы регламентін және астана аумағын құрылыстық игеру схемаларын бекітеді. Өз кезегінде әкімдікке реконструкциялау объектілерін жобалау, салу және пайдалануға беру мерзімдеріне бақылау жасауды жүзеге асыру, апат жағдайындағы көпкөптерлі тұрғын үйлерді бұзуды ұйымдастыру, қаланың біртұтас архитектура келбетін қалыптастыру және астананың дизайн-кодын сақтау үшін жөндеуге жататын көпкөптерлі тұрғын үйлердің тізбесін айқындау, сондай-ақ жол қозғалысын ұйымдастырудың кешенді схемасын әзірлеу құзыреті беріледі.



## КЕЛЕШЕККЕ АШЫЛҒАН ЕСІК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев цифрлық сауаттылықты балаларға мектептен бастап үйрету қажеттігін, жасанды интеллектіні білім саласында кеңінен пайдалану керектігін үнемі айтып келеді. Осы орайда «Келешек мектептері» бағдарламасы аясында ашылған білім мекемелері заманауи озық технологияларды оқу үдерісіне батыл енгізіп отыр.



### ҚҰРБАН АЙТ – РУХАНИ МЕЙРАМ

Биыл Құрбан айт мейрамы 27 мамырда басталады.

Осыған орай Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы құрбан шалу рәсімін қашықтан өткізуге арналған qurban.muftuat.kz сайтын іске қосты. Сонымен қатар еліміздің өңірлері бойынша айт намазының уақыт кестесі жарияланды. Астана қаласында айт намазы 27 мамыр күні сағат 6:00-де оқылады. Елордада өткен баспасөз мәслихатында Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы Құрбан айт мерекесіне байланысты кәсіпкерлерге үндеу жасады. «Құрбан айт – рухани мейрам. Осы орайда еліміздегі барша кәсіпкер азаматтарды Құрбан айтта мал құнын қолдан көтермей, халықтың әлеуметтік жағдайын ескеріп, оңтайлы баға ұсынуға, жұртымыз күнде тұтынатын азық-түлікке мүмкіндігінше жеңілдік жасауға үндеймін» деп атап өтті Наурызбай қажы Тағанұлы.

**23-24 МАМЫР**  
**АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘРМӨҢКЕСІ**

Мұнда көкөністер мен жеміс-жидектерді, ет, ұн және сүт өнімдерін, наубайхана тауарларын тиімді бағада сатып ала аласыздар. Жәрмөңке сағат 10:00-ден 19:00-ге дейін мына мекенжайда өтеді: «Keruen Joly» сауда орталығы, Алаш тасжолы, 35Б. Келушілердің ыңғайы үшін №7, 11, 39, 41, 45, 53, 59, 81, 307, 317 бағыттағы автобустар қатынайды.

**ЕМХАНАҒА ТІРКЕЛУ ЕРЕЖЕСІ ӨЗГЕРЕДІ**

Елімізде медицина мекемесіне тіркелу тәртібі өзгереді. Енді қазақстандықтар емхананы кез келген уақытта ауыстыра алады. Қазір құжат қоғам талқысына шығарылды.

«Биылдан бастап жыл сайынғы бекіту науқаны алынып тасталады. Яғни тұрғындар бұрынғыдай 1 қыркүйек пен 1 қараша аралығын күтпей-ақ, өзіне ыңғайлы емханаға кез келген уақытта ауыса алады. Бірақ таңдалған мекеме азамат тұратын ауданда, яғни үйге неғұрлым жақын болуы керек. Бұл мүмкіндік жылына бір-ақ рет беріледі. Ал қоныс аударған азаматтар бұрынғыдай жаңа мекенжайына жақын емханаға тіркеле алады» делінген Денсаулық сақтау министрлігінің хабарламасында.

# АЛТЫН ОРДА ЖЫЛНАМАСЫ – АДАМЗАТҚА ОРТАҚ ТАРИХ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ «АЛТЫН ОРДА – ДАЛА ӨРКЕНИЕТІНІҢ ҮЛГІСІ: ТАРИХ, АРХЕОЛОГИЯ, МӘДЕНИЕТ, БІРЕГЕЙЛІК» АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СИМПОЗИУМДА СӨЗ СӨЙЛЕДІ



## ҚҰРМЕТТІ ЖИЫНҒА ҚАТЫСУШЫЛАР!

Алтын Орда Еуразияның ұлан-ғайыр аумағын еркін жайлап, Ұлы дала төсінде билік құрған қуатты империя болғанына ешқандай тарихшы күмән келтірмейді, бұл – мойындалған тарихи дерек. Алтын Орда Батыс пен Шығысты жалғап, түрлі өркениеттердің дамуына, мемлекеттердің қалыптасуына ерекше ықпал еткен аса ірі саяси құрылым болды. Бұл да дәлелденген дерек. Сондықтан Алтын Орда тарихы көптеген іргелі зерттеулерге арқау болғаны анық. Дегенмен бұл тақырып әлі де өзектілігін жоғалтқан жоқ, меніңше, ешқашан жоғалтпайды. Бұл – ұлт жылнамасы мен әлем тарихы үшін өте маңызды мәселе. Біз халықаралық ғылым қауымдастығымен бірлесіп отырып, осы тақырыпты жүйелі әрі жан-жақты зерделеу жұмысын жалғастыруымыз керек. Бірнеше күнге созылатын іс-шараның негізгі мақсаты да осы. Бұл тұста Қазақстанның бастамасына қолдау көрсеткені үшін ЮНЕСКО басшылығына ризашылығымызды айтып келеді. Бұл форумға қатысып отырған ЮНЕСКО-ның бұрынғы Бас директоры Одрэ Азуле ханымға алғысымызды айтамын. Сіз Қазақстан мен ЮНЕСКО арасындағы әріптестікті нығайтуға мол үлес қостыңыз.

Симпозиумның осындай беделді жаһандық ұйым аясында өтуі Алтын Орда мұрасының әлемдік ауқымдағы мән-мағынасы зор екенін көрсетеді. Осы жолы жиынға ЮНЕСКО-ның жоғары деңгейдегі өкілі, Бүкіләлемдік мұралар орталығының директоры Элуида Ассомо Лазар мырза бастаған делегация қатысып отыр. Жалпы, еліміз ЮНЕСКО-ның қолдауымен көптеген маңызды жобаны жүзеге асырды. Нақты айтқанда, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, Тамғалы тас петроглифтері, сондай-ақ бірнеше көне қала бүкіләлемдік мұралар тізіміне енді. Сонымен қатар ұлтмыздың материалдық емес мәдени мұраларын дәріптеу бағытында ауқымды жұмыс жүргізілді. Мәселен, былтыр ғана «Хандар шежіресі» деп аталатын бірегей қолжазба әлемдік деңгейде мойындалды. Бұл – ел билеген тұлғалар туралы мәліметтерді топтастырған, соның ішінде Алтын Орда кезеңін қамтыған құнды құжат. Сондықтан біз байланысымызды одан әрі дамытуға мүдделіміз. Бұл – өзара тиімді, маңызды шаруа.

Симпозиум Алтын Орда мен Ұлы дала тарихын зерделейтін түрлі мектеп өкілдерінің басын қосып отыр. Бұл өте маңызды. Ұзақ жылдар бойы осы іргелі тақырыпты індете зерттеген ресейлік ғалымдардың ролін атап өткен әділетті болар еді. Олар Алтын Орданың тыныс-тіршілігін жан-жақты сипаттайтын ғылымның мол қорын жинады. Сонымен қатар Алтын Орда тақырыбы бір ғана мемлекеттің шеңберінде шектеліп қалмай, Қытай, Моңғолия, АҚШ, Үндістан, Пәкістан, Жапония, Қырғызстан, Өзбекстан, Мысыр және бірқатар Еуропа елдері



зерттеушілерінің назарын аударып, бүкіл әлемді шарлап кетті десек болады. Түптеп келгенде, Алтын Орда жылнамасы – адамзатқа ортақ тарих. Өтіп жатқан бірегей симпозиум әлемдік ауқымдағы мұраны жүйелі зерттеу жұмысын жаңа сапалық деңгейге көтереді деп сенемін. Осы жерде отырған ғалымдар мен сарапшылар бұл міндетті іске асыруға елеулі үлес қосуда. Бұл маңызды жұмыста сіздер он нәтижеге қол жеткізесіздер деп сенемін.

Қазақстанда саясаттың пайдасы үшін көпшілік халықтарды жабайы, бей-берекет, тарих шеңберінен тыс күш ретінде көрсетіп, қуатты дала империяларын «мемлекет деңгейіне жете алмаған» деп төмендететін ескі доғмалар мен қасаң көзқарастарды қайта қарау үдерісі басталып кетті. Бұл ретте біз шынайы тарихнаманы қалпына келтіре отырып, өткенді әсірелеуден аулақпыз. Тарих өзіне тәнті болған жалған әрекеттерді, ортақ мұраны жекелеген халықтың

көрнекті ойшылдардың қалыптатып тіршілігіне қарағанда, билеушілердің жорығы мен дарынды қолбасшылардың ерліктері сақталатынын жоғарыда айтып өттім. Расында, соғыстардағы аңызға айналған жеңістер адамдардың рухын оятады. Ал тағдыршешті мәні уақыт өте келе байқалатын институционалды жаңашылдықтар мен озық идеяларға көпшілік селт ете қоймайды. Оған әлі күнге дейін Ұлы дала тарихының шексіз шайқастар

БІРІНШІ. Зияткерлік мұраны зерделеу. Алтын Орда феноменін мыңдаған жыл бойы Еуразия жүрегінде қалыптасқан бай интеллектуалдық кеңістіктен бөліп қарай алмаймыз. Орта ғасырларда Ұлы дала озық идеяларды ұсынған әлемдік орталықтардың біріне айналғаны мәлім. Орталық Еуразиядағы көшпелілер тіршілігінен, түркі-моңғол мұраларынан, ислам дәстүрлерінен және христиан қауымдастығына жататын халықтардың дүниетанымдық қағидаттарынан нәр алған ақыл-ойдың құнарлы топырақтан қанат жаюы заңды еді. Бұл идеялар эволюциясы үздіксіз жүрген кезең еді. Әр ғасыр Ұлы даланың ақыл-ой кенін байытып, жаңа құндылықпен толықтырып отырды. Осы терең сабақтастықты түйсінбей, Алтын Орданың өркендеу сырын объективті бағалау қиын. Әлбетте, бұл орайда Алтын Орданың негізі қаланғанға дейінгі кезеңдерде өмір сүрген әйгілі ойшылдардың ғылыми, философиялық, әдеби мұраларының мән-маңызы зор.

Ең алдымен, тарихта Аристотельден кейінгі «Екінші ұстаз» атымен мәлім әлемдік философияның негізін қалаушылардың бірі – Әбу Насыр әл-Фарабидің орны ерекше. Ол «Қайырымды қала тұрғындары» трактатында әділдіктен айнымау, білімге құштарлық және адамгершілік қасиеттерді шындыра арқылы баршаға бірдей игілікке қол жеткізуге болатынын жан-жақты айтқан. Оның ойлары түрік, мұсылман әлеміндегі кейінгі саяси-философиялық дәстүрлерді түсінуге маңызды бағдар болды. Ұлы даланың зияткерлік мұрасында ғұлама Қожа Ахмет Ясауи тұлғасы дараланып көрінеді. Ол жалпыға ортақ мұсылман құндылықтары мен жергілікті рухани дәстүрлерді үйлестірген «түркілік исламның» бастауында тұрды. Шын мәнінде, ол Ұлы дала халықтарына қазіргі дүниетанымның өзегіне айналған мүддем жаңа идеологиялық доктрина ұсынды. Ясауи хикметтері – Ұлы даланың мәдени коды. Ал ғұламаньың Түркістандағы кесенесі – ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енген нысан.



## ҚҰРМЕТТІ СИМПОЗИУМҒА ҚАТЫСУШЫЛАР!

Қазақстан Алтын Орда тарихын әлемдік жылнаманың күрделі, сан салалы кезеңі ретінде қарастырады. Өйткені бұған атүсті қарауға болмайды. Олай болған жағдайда әлемдік тарихтағы осындай бірегей құбылысқа қатысты ұстаным өзгереді. Ал ол мемлекеттер мен халықтар арасындағы қарым-қатынасқа сызат түсіруі мүмкін. Өкінішке қарай, әлемдік маңызы бар ірі тарихи оқиғаларды бұрмалаған мысалдар қазір де кездеседі. Геосаяси ахуал құбылып тұрған бүгінгідей заманда соғыстардың қасіретті хронологиясына байланып қалмай, адамзат тарихындағы жасампаз кезеңдер мен диалог алаңдарының нәтижелі сәттеріне мән берген жөн.

қанжығасына байлап беруді кешірмейді. Кереғарлықтар мен кедергілерге толы бай тарихымызды біржақты түсіндіруге қойылатын талап ғылымның құлдырауына және өзара сенімнің жоғалуына әкелетін тұйыққа тірейді. Сонымен қатар кәсіби тарихшылар қауымдастығында «жұмсақ күш» пен ғылыми дипломатияның өкілдері де бар. Олар саясаткерлер қамал тұрғызатын жерде көпір салуға қабілетті. Тарихшылардың миссиясы қазіргі алмағайып кезеңде маңызды болып тұр.

Алтын Орда дәуірі – отандық тарихымыздың маңызды бөлігі, сонымен бірге біз бұл кезеңді ауқымды өркениет парадигмасы тұрғысынан қарастырамыз. Көптеген халықтың тарихи жадында реформаторлар мен

мен ұрыстар ретінде бұрмаланып көрсетілуі нақты мысал бола алады. Мұндай сыңарсақ ұстаным Ұлы даланың, әсіресе, Алтын Орданың күрделі, көп қатпарлы өмір салтын әскери шежірелердің ойдан шығарылған өлшемдеріне салып, тарихи шындықтан алыстатады, оқиғаларды көмескілендіре түседі. Қазіргі ғылымның жоғары пәнаралық даму деңгейі Алтын Орда тарихын объективті зерттеу үдерістерін жетілдіруге мүмкіндік береді деп санаймын. Бұл жиында аталған кезеңді зерттеп жүрген беделді ғалымдар бас қосып отыр. Осы орайда Алтын Орда тарихын пайымдау перспективасын кеңейтуге көмектесетін бірқатар ғылыми ізденіске байланысты өз ойымды қысқаша жеткізіміз келеді.

Түркістан шаһары ғасырлар бойы өңірдің басты рухани және саяси орталығы болды. Қазіргі таңда ол түркі дүниесінің қасиетті қарашаңырағы саналады.

ЕКІНШІ маңызды мәселе. Меніңше, Алтын Орданың мемлекеттік басқару жүйесін мұқият зерделеу қажет. Жошы Ұлысының дәуірлеп тұрған кездегі аумағы 6 миллион шаршы шақырымды алып жатты. Тіпті Рим империясының ең айбынды кезеңінде мұндай жер көлемі болмаған. Кейбір тарихшылардың пікірі бойынша Алтын Орданың Дала Римі деп аталуы да осыдан. Бірақ алып империяның қуаты жерінің көлемінде емес, оның институционалды негізі, яғни, мемлекеттік басқару жүйесінің мықты болуында еді. Жошы ұрпақтары Хань немесе Габсбург династиялары секілді ғасырлар бойы, яғни 600 жылдан астам уақыт Ұлы дала төсіндегі түрлі мемлекеттік құрылымдарға билік жүргізді. Бұл Жошы ханның ұрпақтары құрған мемлекет жүйесі тұрақты әрі өміршең болғанын көрсетеді. Соның арқасында әртүрлі этнос пен дін өкілдері тату-тәтті өмір сүрді. Алтын Орда дәуірінде Дала заңы мен ислам құқығының үйлесімді жүйесі қалыптасты. Ал қоғамдық тәртіп қағидатының бастауында Түрік қағанатының құқықтық мәдениеті мен Шыңғыс ханның «Ұлы жасақ» заңы тұрды. Заң үстемдік құрған алып империяның әр түкпірінде адамның және оның мал-мүлкінің қауіпсіздігі толық қамтамасыз етілді. Бұл – қоғамдық тәртіп болды деген сөз.

Бұдан бөлек, Алтын Орда заманында озық іс жүргізу жүйесінің болғаны туралы нақты тарихи деректер бар. Сондай-ақ Құрылтай институты дала демократиясының бірегей үлгісі ретінде қызмет етті. Ұлыстың әлеуметтік құрылымы айқын әрі тұрақты болса да, қоғамда қатып қалған қағида емес, әділдік басты рөл атқарды. Әскерде және мемлекеттік аппаратта темірдей тәртіпке, мінсіз қызмет пен меритократия қағидасына ерекше назар аударылды. Мұның бәрі алып державаны мекен еткен барлық этнос және түрлі топ өкілдеріне мол мүмкіндік берді. Осылайша, ұтымды ішкі және сыртқы саясаттың арқасында қоғамда тұрақтылық сақталды, мемлекет те өсіп-өркендеді. Алтын Орда Мысыр мемлекетімен, Ватиканмен, Византиямен, Осман империясымен және Еуропа елдерімен тығыз дипломатиялық байланыс орнатты. Жалпы, тарихта «Ұлы дүрбелең» деген атпен қалған саяси дағдарыс кезінде де Алтын Орданың мемлекеттік басқару жүйесі сыр берген жоқ, яғни тұрақтылығын сақтап қалды. Бұл жүйені кейін Еуразия аймағындағы көптеген мемлекет басшылыққа алғаны баршаңызға мәлім.

ҮШІНШІ өзекті мәселе. Алтын Орданың экономикалық құрылымын жан-жақты зерттеген жөн. Баршамызға белгілі, ежелдегі Месопотамия, Мысыр, Қытай, Үндістан өркениеттері көп жағдайда өзен аңғарларын игеру арқылы қалыптасты. Ал Ұлы дала мүлде басқа тарихи даму жолынан өтті. Осыдан бес мың жыл бұрын қазіргі Қазақстанның солтүстігінде орналасқан Ботай жерінде адам баласы ең алғаш рет жылқыны қолға үйретті. Бұл әлем тарихына түбегейлі жаңа сипат

берген оқиға болды. Атқа міну мәдениетімен қатар дала өркениетінде стратегиялық ойлау қабілеті және мейлінше қолайлы өмір сүру салты пайда болды. Осылайша, Алтын Орда Еуразияның ұлан-ғайыр даласындағы барлық негізгі көлік, сауда және гуманитарлық байланыстарды бақылауда ұстап, салт атты көшпенділер өркениетінің ең биік шыңына көтерілді. Бұл орайда, көшпенділік пен отырықшылық салтының үйлесім табуы Алтын Орданың тарих сахнасына жарқырай шығуының бірден-бір себебі болды деуге толық негіз бар. Түптеп келгенде, Алтын Орда көшпенділер өмірін, қаладағы қолөнер мәдениеті мен сауда жолдарын өзара тығыз байланыста дамыту арқылы тұрақты ақша және салық жүйесі бар, экономикасы дамыған ел ретінде қалыптасты.

Көптеген беделді ғалымдардың пікірінше, қазір Алтын Орданың ақша жүйесінде мән-маңызы айрықша жаңалықтар ашылып жатыр. Археологтар осы кезге дейін беймәлім болып келген ондаған тиын сарайын тапты. Мамандардың айтуынша, нағыз өрлеу кезеңінде Алтын Ордада шамамен 28 миллион күміс тиын соғылған. Қазіргі таңда мемлекеттік және жеке қордағы сол дәуірге тиесілі тиындардың жалпы саны бір миллионға жетеді. Қазақстанның ұлттық валютасы – теңге атауы ұлыстың «дан» сөзінен тамыр тартады. «Денги» сөзінің түбірі де осы ұғымнан тараған болуы мүмкін. Бұған жай ғана лингвистикалық сәйкестік ретінде қарауға болмайды. Бұл – кең байтақ аймағымызда пайда болған ақша жүйесінің Алтын Орда заманында жасалғанын көрсететін нақты дәлел. Алтын Орда Ұлы Жібек жолының солтүстік тармағын түгел бақылауда ұстап, даланы қауіпсіз тасымал дәліз ретінде дамытты. Жошы Ұлысының аумағы арқылы жыл сайын мыңдаған тонна тауар өтіп жатты. Атап айтқанда: Қытайдан – жібек, Үндістаннан – дәмдеуіштер, Ресей жерінен – тері өнімдері, Еуропадан, Таяу және Орта Шығыс елдерінен қолөнер бұйымдары тасымалданды.

Алтын Орда сол кезеңдегі көптеген мемлекетке қарағанда өз дамуында стратегиялық ашықтық қағидатына берік болды. Бұл ұстаным қалалардың тұрпатынан да анық байқалды. Себебі ұлыс гүлденіп тұрған заманда қалаларды биік қамалмен қоршап, тұйықтау болған жоқ. Әр қала қарқынды сауда орталығы ретінде адамдардың еркін қозғалысына бейімделіп, дамыды. Бұл тәжірибе дала мен қала арасында қақтығыстар толастамады деген аңыз өңгімелерді түбегейлі жоққа шығарады. Керісінше, осы байланыстар орта ғасырдағы ең оңтайлы мемлекеттік үлгісінің негізін қалады. Алтын Орда дәуірінен қалған қалалардың материалдық-мәдени мұралары – соның айқын көрінісі. Ғалымдардың мәліметіне сәйкес, алып империяның құрамында жүзден астам шаһар болған. Алтын Орда дәуірінде қала тұрғындарының тұрмысын жақсарту үшін озық инженерлік тәсілдер қолданылды. Мұны түрлі археологиялық қазба жұмыстарынан анық байқауға болады. Сол замандағы өндіріс пен құрылыстың қарқынды дамығанын Алтын Ордада жасалған кірпіштердің Ертис пен Дунай аралығында кеңінен қолданылғанынан аңғаруға болады. Еуразияның түкпір-түкпіріндегі іскер адамдардың сауда жасауына, кәсіппен еркін айналысуына қолайлы жағдай жасалды. Осылайша, Жошы Ұлысы алғашқылардың бірі болып жаһандық нарық қалыптастырды. Сол арқылы бүкіл аймақтың өсіп-өркендеуіне жол ашты. Әрине, мен ұсынған зерттеу бағыттарымен шектеліп қалуға болмайды. Мен сіздер

секілді көне дәуірді зерттеп жүрген тарихшы-ғалым емеспін. Қазіргі таңда Алтын Орданың тарихын тек әскери-саяси тұрғыдан бағалаудан аулақ болып, оның ролін жаңаша пайымдау керек. Бұл – осы бағыттағы ізденістердің аясын кеңейтуге септігін тигізетін бағдар ғана. Жошы Ұлысының мол зияткерлік және рухани дәстүрі, тиімді басқару институттары мен дамыған экономикасы болды. Осы алып өркениеттің қыр-сырын толық ашу маңызды. Бұл өткенді ғылыми тұрғыдан қайта зерделеу, сондай-ақ, Орталық Еуразия халықтарының мемлекеттік бастауын, бірегейлігін және ортақ тарихын терең түсіну үшін қажет.

#### ҚҰРМЕТТІ ҒАЛЫМДАР ЖӘНЕ САРАПШЫЛАР!

Алтын Орда мұрасы ұшан-теңіз. Біз осы алып рухани, тарихи қазынаны XXI ғасырға бейімдеп, жаңғырту үшін жүйелі жұмыс жүргізіп келеміз. Менің бастамамен Қазақстанда Жошы Ұлысын зерделеу институты құрылды. Бұл – осы тақырыпты терең зерттеумен айналысатын тұңғыш ғылыми мекеме. Қазіргі таңда әзірленіп жатқан Қазақстан тарихының академиялық жинағында алғаш рет Алтын Ордаға жеке том арналып отыр. Жошы Ұлысының мол тарихи-мәдени мұрасын жұрт жадында жаңғырту үшін фильмдер түсіріліп, кітаптар шығарылып жатыр. Сондай-ақ спектакльдер де қойылып, ескерткіштер орнатылып, көрмелер өткізілуде. Алайда Алтын Орданың мән-маңызын терең зерделеу, оның тарихи ролін жан-жақты насихаттау үшін мүлде жаңа, яғни халықаралық ауқымдағы жұмыс істелуі қажет. Сондықтан ата-бабадан қалған мол мұраны қазіргі заманның құндылықтарымен және озық технологиямен ұштастыру маңызды. Тарихты зерттеу дегеніміз өткенмен өмір сүру немесе көнені көксеу емес. Ескіліктің шырмауында қалу – надандық пен қараңғылыққа апаратын жол. Түп тамырымызды толыққанды танып-білу арқылы ұлт дамуының көкжиегін кеңейте түсу қажет. Біз осы қағиданы терең түсіне отырып, жаңа Ата заңда мәдени мұраларымызды сақтауға, білім мен ғылымды, инновацияны дамытуға айрықша басымдық бердік. Бұл маңызды жұмысты бастап та кеттік. Мен бір апта бұрын Жасанды интеллектіні туралы арнайы Жарлыққа қол қойдым.

Қайталап айтамын: тарихтың дәрістері дамуға бет алған болашақпен үндескенде ғана өркендеу жолына түсеміз. Бұл орайда, Алтын Орданың сан қилы тарихи мен тағдыры мемлекеттердің күш-қуаты түрлі мәдениеттерді нәтижелі гуманитарлық және саяси серіктестіктің бірыңғай жүйесіне біріктіре алуынан көрінетінін еске салады. Осы стратегиялық бағытты ұстана отырып, Қазақстан түркі мемлекеттерінің ынтымақтастығын белсенді түрде дамытуды, аймақ елдерінің экономикалық және технологиялық әлеуетін нығайту үшін Еуразия кеңістігіндегі өзара ықпалдастық идеясын жан-жақты ілгерілетуді жан-жақты қолдайды. Мысалы, 2025 жылы ШЫҰ саммитінде «Транс-Алтай диалогы» бастамасын көтердім. Бұл идея Ресейдің «Алтай – түркілердің ата қонысы» тұжырымдамасымен үйлеседі.

Жалпы, тарихтан тартыс құралын жасауға болмайды. Тарих халықтардың арасын жалғайтын алтын көпір ретінде әділетті әрі қауіпсіз әлем құруға ықпал етуі қажет. Сол үшін ортақ мүдде жолында күш біріктіріп, бірлесе әрекет етуіміз қажет. Бұл құжат Алтын Орданың тарихи мен мұрасын зерттеу жұмысына тың серпін береді деп сенемін. Еңбектеріңіз жемісті болсын!



## ҚАЗАҚСТАН-КЕНИЯ: ҰНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА ДЕҢГЕЙІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың шақыруымен Кения Республикасының Президенті Уильям Руто Қазақстанға мемлекеттік сапармен келді. Жоғары деңгейдегі келіссөздер барысында екі елдің сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастығын дамыту перспективасы талқыланды. Тараптар бірқатар құжатқа қол қойды.

#### ШАҒЫН ҚҰРАМДА КЕЛІССӨЗ ЖҮРГІЗДІ

Тәуелсіздік сарайында елімізге мемлекеттік сапармен келген Кения Президентінің ресми қарсы алу рәсімі өтті. Іс-шара барысында Қасым-Жомарт Тоқаев пен Уильям Руто бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қараулы ротасының бастығы рапорт берген соң екі елдің әнұрандары шырқалды. Содан кейін мемлекеттер басшылары шағын құрамда келіссөз жүргізді. Қасым-Жомарт Тоқаев Уильям Рутоға Астанаға бизнесмендерден құралған үлкен делегацияны сапармен бастап келгені үшін ризашылығын білдірді.

«Бұл мемлекеттеріміздің арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға ниетті екеніңізді көрсетеді. Кения – Африкадағы өте маңызды серіктесіміз. Сіздің еліңіз құрлықта саяси және экономикалық тұрғыдан қарқынды дамып келеді. Көптеген бағытта ықпалдастық ынтымақтастық негізінде тың мүмкіндіктері бар. Біз бұған қуаныштымыз. Оны табысты түрде ілгерілету алатынымызға сенімдімін. Бүгін екіжақты экономикалық және гуманитарлық ынтымақтастық перспективасын талқылаймыз. Найроби Африкадағы халықаралық орталық ретінде танылғаны мәлім. Онда БҰҰ жүйесіндегі

ұйымдар орналасып, тұрақты жұмыс істеп келеді. Осыған байланысты Қазақстан Найробиде елшілік ашу туралы шешім қабылдаған болатын» деді Қазақстан Президенті.

Уильям Руто Кения Қазақстанды сауда мен инвестицияны дамытудағы маңызды логистикалық хаб ретінде қарастыратынын атап өтті. «Қазірдің өзінде елдеріміз арасындағы тауар айналымында өсім байқалады. Біз Қазақстан арқылы негізгі ауыл шаруашылық өнімдерімізді Еуразия нарығына экспорттауға ниет танытып отырмыз. Сапар аясында елдеріміз арасындағы ынтымақтастықты тереңдетуге қажетті құқықтық негіз қалап, тың мүмкіндіктерге жол ашатын бірқатар құжатқа қол қоямыз» деді Кения Президенті.

#### АЙТАРЛЫҚТАЙ ӘЛЕУЕТ БАР

Екі елдің ресми делегация мүшелерінің қатысуымен өткен келіссөз барысында саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық перспективасы қарастырылды. Мемлекет басшысы Кения Қазақстанның Африка құрлығындағы маңызды әрі сенімді серіктестерінің бірі екенін атап өтті.

«Кения – Африканың қарқынды дамып келе жатқан

және озық елдерінің бірі. Географиялық тұрғыдан елдеріміз алшақ орналасса да, бізді жаңғыруға деген ұмтылыс пен болашаққа сенімді көзқарас біріктіреді. Қазақстан Еуразия жүрегіне орын тепкен, ал Кения Шығыс Африканың экономикалық орталығы саналады. Бұл екіжақты серіктестікті кеңейту тұрғысынан айрықша мәнге ие. Біз нарықтарды және көлік бағдарларын байланыстырып, инвестициялар мен тың мүмкіндіктерге жол ашу арқылы Орталық Азия мен Африка арасына дәнекер бола аламыз. Жаңа ғана екіжақты қарым-қатынастың негізгі бағыттарын талқылап, халықаралық күн тәртібі жөнінде пікір алмастық. Елдеріміздің жаһандық мәселелерге қатысты ұстанымдары ұқсас. Біз бейбіт сыртқы саясат жүргізіп, мультилатерализм қағидатына сай әлемдік тәртіпті дәйекті түрде жақтап келеміз. Қазақстан тарапы ортақ мақсаттарды өзара тиімді әрі нақты жобаларға ұластыруға дайын. Бүгінгі сапар барысында қол жеткізілген келісімдер Қазақстан мен Кения ынтымақтастығын жаңа және сапалы деңгейге көтеретініне сенімдімін» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент өзара сауда мен инвестиция мүмкіндіктерін кеңейту үшін Іскерлік кеңес құруды ұсынды. Уильям Руто

Қасым-Жомарт Тоқаевпен 2023 жылы Нью-Йорк қаласында өткен БҰҰ Бас Ассамблеясының сессиясы аясында кездескенін атап өтті. Ол осы жүздесу екі елдің арасында 1993 жылы қаланған қарым-қатынасты одан әрі нығайтуға негіз болғанын жеткізді.

«Президент мырза, Найроби қаласында тұрақты елші тағайындау туралы шешіміңіз Сіздің және Үкіметіңіздің Қазақстан мен Кения арасындағы байланыстарды ілгерілетуге маңыз беріп отырғандарыңызды байқатады. Менің сапарым – елдеріміздің ынтымақтастығын нығайтуды көздейтін нақты қадам. Оған еш күмән жоқ. Өзара сауда-саттықты арттыру бағытында айтарлықтай әлеуетіміз бар деп ойлаймын» деді Кения Президенті.

Тараптар сауда-саттық, ауыл шаруашылығы, көлік-логистика, тау-кен өндірісі, жаңартылатын энергия көздері, ақпараттық технологиялар, электрондық үкімет, ғарыш, қаржы және туризм секілді салаларда серіктестікті нығайту перспективасын талқылады. Мемлекеттер басшылары мәдени-гуманитарлық бағытта жоғары оқу орындарының арасында тығыз байланысты жолға қоюға, туризм бастамаларын өзара қолдауға және биоалуантүрлілікті сақтау ісінде тәжірибе алмасуға мүмкіндік мол екенін атап өтті.

## КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМАНЫҢ МАҢЫЗДЫ КЕЗЕҢІ

Кеше Парламент палаталарының бірлескен отырысында депутаттар екінші оқылымда 6 Конституциялық заңды қабылдады. Бұл туралы ҚР Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қарин әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.

«Олар: «Қазақстан Республикасының Президенті туралы»; «Қазақстан Республикасының Құрылтайы және оның депутаттарының мәртебесі туралы»; «Қазақстан Халық Кеңесі туралы»; «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы»; «Қазақстан

Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы»; «Бірқатар конституциялық заңдарды Конституцияға сәйкестендіру туралы» (сайлау туралы, республикалық референдум туралы, Үкімет туралы, сот жүйесі туралы, Конституциялық Сот туралы,

Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы, Прокуратура туралы және басқа да) заңдар. Аталған конституциялық заңдар пакетінің қабылданыуы мемлекеттік саясаттың тұжырымдамалық бастамалардан нақты құқықтық тетіктерге дейінгі жүйелі әрі

дәйекті сипатын бекітеді. Бұл – жаңартылған мемлекеттік-саяси модельдің құқықтық негіздерін нығайтатын 2026 жылғы Конституциялық реформаны жүзеге асырудағы аса маңызды кезең» деп жазды Мемлекеттік кеңесші Telegram арнасында.

№59 (4957) 21/05/2026 Бейсенбі



## ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ АСТАНАДА ӨТЕДІ

Елордада 2027 жылы бокстан әлем чемпионаты өтеді. Бұл чемпионат 2028 жылғы Олимпиада ойындарына лицензия үлестіретін бірінші жарыс болмақ. Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек World Boxing ұйымының президенті Геннадий Головкинмен, World Boxing ұйымының бас хатшысы Том Диленмен кездесті.

– Кездесуде әлем чемпионатына дайындық, спорт инфрақұрылымының әзірлігі және алдағы ынтымақтастық мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы еліміздің бокстағы әлеуеті өте жоғары екенін, бұл жетістіктер халықаралық спорт аренасында мойындалғанын атап

өтіп, «Алдымызда боксты ұлттық спорт түріне айналдыру міндеті тұр» деген болатын. Бокстан әлем чемпионаты тек ауқымды спорт досы ғана емес, қазақстандық бокстың жоғары деңгейін тағы бір мәрте айқындайтын маңызды іс-шара боларына сенімдімін. Чемпионатты ең жоғары деңгейде өткізу үшін бар күш-жігерімізді саламыз, – деді Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек.

## БІРҚАТАР ЖОБАЛАР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің кезекті отырысы өтті. Күн тәртібінде қала өмірінің түрлі саласын қамтитын бірқатар нормативтік құқықтық актінің жобалары қаралды.



### Қалиакбар УСЕМХАНҰЛЫ

Кеңестің қарауына Астана қаласының дизайн-кодын әкімшілендіру қағидаларын бекіту туралы, «Мемориалдық тақталарды орнату туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 18 қаңтардағы №105-7 қаулысына өзгеріс енгізу туралы, «Астананың санитарлық-қорғау жасыл аймағын басқару және оның аумағындағы қызметтің шектеулі режимі қағидалары туралы» Астана қаласы мәслихатының 2025 жылғы 28 қарашадағы №348/46-VIII шешіміне өзгерістер енгізу туралы жо-

балар енгізілді. Сонымен қатар Астана қаласының қоршаған ортасын қорғау жөніндегі 2026-2028 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту, «Астана қаласында 2026 жылға арналған арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету тарифтерін бекіту туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 26 желтоқсандағы №158-5066 қаулысына өзгеріс енгізу, сондай-ақ «Астана қаласында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы» Астана қаласы мәслихатының 2023

жылғы 3 қазандағы №84/10-VIII шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселелері қаралды.

Қоғамдық кеңес мүшелері ұсынылған жобаларды талқылап, баяндамашыларға түйткілді мәселелер туралы сұрақтар қойып, бірқатар ұсыным берді.

Азаматтардың пікірін ескеріп, мемлекеттік органдардың ашықтығы мен есептілігін қамтамасыз ететін маңызды институт – Қоғамдық кеңес. Бүгінде ол мемлекеттік шешімдерді талқылау, сараптау және қоғамдық бақылау жүргізудің тиімді алаңына айналды.

## ЖАЗҒЫ МАУСЫМ БАСТАЛДЫ

Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы «Жетісу» саябағында зейнеткерлерге арналған «Жадыраған жаз» атты жазғы маусымның ашылу кешін өткізді. Ол ардагерлердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру, оларды әлеуметтендіру және салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында ұйымдастырылды.

Кеш барысында зейнеткерлерге арналған ретро әндер шырқалып, би кеші өтті. Сахнада «Жаңа толқын» би клубы, «Шырқа, гитара» клубы және басқа да шығармашылық ұжымдар өнер көрсетті. Қатысушылар вальс билеп, флешмобқа қатысып, көтеріңкі көңіл күйде демалды.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай би кештері екінші жыл қатарынан өтіп келеді. Былтыр жазғы маусымда зейнеткерлер үшін 15 рет дискотека ұйымдастырылған.

– Көркем де сұлу, күн шуағы мен табиғаттың жадыраған көрінісіне

толы тамаша жаз мезгілі зейнеткерлер үшін жаңалыққа толы. Олар сауықтыру, шығармашылық, зияткерлікті дамыту мақсатымен жазғы саябақтарға баруды үрдіске айналдырды. Осы ретте «Жадыраған жаз келді» маусымдық би кеші – орталық қызмет алушылары үшін жағымды жаңалық. Жыл сайын аптаның әр сәрсенбісі кешкі сағат 17.00-19.00-ге дейінгі уақытта би алаңына барып, көңіл көтереді, – деді Астана қаласы әкімдігінің Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы Есіл ауданы бойынша жаппай жұмыстар ұйымдастырушысы Гүлшат Әліқызы.

Бұдан бөлек, жаз маусымының ашылуына байланысты елорданың «Жерұйық», «Президент», «Орталық», «Ататүрік» және Ботаникалық саябақтарында, сондай-ақ «Нұржол» гүлзарында таңғы сауықтыру жаттығулары басталды. Зейнеткерлер үшін йога, пилатес, скандинавия жүрісі, оңалту гимнастикасы және «Цигун» тыныс алу жаттығуы ұйымдастырылуда. Сауықтыру бағдарламалары қыркүйек айына дейін Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы нұсқаушыларының жетекшілігімен тұрақты түрде өткізілмек.

## ҮЗДІК ПОЛИЦЕЙЛЕР МАРАПАТТАЛДЫ

Бас қалада салтанатты іс-шара өтті. Астана қаласы Полиция департаментінің бастығы, полиция генерал-майоры Марат Төлебаев Өңірлік экологиялық саммитті өткізу кезеңінде қызметтік міндетін кәсіби деңгейде атқарған қызметкерлерді марапаттады.

Ерекше көзге түскен қызметкерлерге медальдар, төсбелгілер, алғыс хаттар мен құрмет грамоталары табысталды. Ал Ақтауда өткен жазғы президенттік көпсайыстан Қазақстан Республикасының чемпионатында «жүзуден үшсайыс» және «жүгіруден үшсайыс» дисциплиналары бойынша бірінші орынды Патрульдік полиция полкінің инспекторы, полиция аға лейтенанты Аяужан Алтаева иеленді. Сайыс қорытындысы бойынша спортшы ұлттық құрама сапына еніп, 2026 жылғы әлем чемпионаты мен Азия чемпионатында

Қазақстан намысын қорғамақ. Сонымен қатар Жедел қимылдайтын арнайы жасақ (ЖҚАЖ) қызметкерлері тапаншадан практикалық ату бойынша Қазақстан Республикасының кубогында жоғары нәтиже көрсетті, кәсіби дайындығының жоғары деңгейде екенін дәлелдеп, «classic» санаты бойынша командалық есепте 1-орынды қанжығалады. Жеке есепте полиция капитаны Дархан Жексембинов жеңімпаз атанса, 2-орын полиция майоры Ерлан Базарбаевқа, 3-орын полиция майоры Медет Слямгазинге бұйырды.



## ТОЛАҒАЙ БАЛАЛАР ЖЕҢІСІ

М.Дулатұлы атындағы №68 мектеп-гимназияда «Толғағай: жетістік пен жігер жолы» қалалық конференциясы мен спорт көрсетілімі өтті. Іс-шараға білім беру ұйымдарының басшылары, ата-аналар және «Бала толғағай» ұлттық спорт федерациясының мүшелері қатысты.

### Райхан РАХМЕТОВА

Конференция үш негізгі бөлімнен тұрды: қонақтарды қарсы алу рәсімі, мектептің «Толғағай» спорт залымен танысу, оқушылардың спорт көрсетілімі және ресми конференция отырысы. Сонымен қатар мектеп фойесінде ұлттық қолөнер бұйымдарының көрмесі ұйымдастырылды.

– 2021 жылдан бастап қала мектептеріне асық ату, бестемше, қазақ күресі, тоғызқұмалақ ойындары енгізілсе, аталған жоба 2024-2025 оқу жылынан бастап енді. Бүгінгі таңда жоба қаланың 13 мектебінде сәтті жүзеге асып келеді. Мектеп оқушылары арасындағы сайыстар жүйелі түрде ұйымдастырылады. Осыған дейін 11 мектепаралық, 15 қалалық және 2 республикалық ірі жарыс өтті. Астана мектептері командалық есепте үздік нәтиже көрсетуде. «Адал азамат» бағдарламасымен ұштасқан «Толғағай» ұлттық спорт жобасының жұмысы оқушылардың

бос уақытын тиімді ұйымдастыруға, ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығын арттыруға бағытталған. Үйірме барысында оқушылар тек денсаулығын нығайтып қана қоймай, тәртіпке, жауапкершілікке, ұйымшылдыққа және өзара сыйластық сақтауға тәрбиеленуде. Бұл – оқушылар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуға, тәртіпті нығайтуға және оқушыларды салауатты өмір салтына баулуға бағытталған тиімді бастама, – дейді Астана қаласының әкімдігіне қарасты Балаларға қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының басшысы Дидар Байтасов.

Іс-шара барысында «Бала толғағай» спортының жас ұрпаққа берер тәрбиелік мәні мен оның оқушылар денсаулығына тигізер оң әсері кеңінен талқыланды. Спорт залының таныстырылымы кезінде мектеп оқушылары ұлттық киіммен алаңға шығып, «Толғағай» спортының негізгі техникалық элементтерін жеке және жұптық түрде шебер орындады.



Төлен  
ТІЛЕУБАЙ


2025 жылдың 1 қыркүйегінде есігін айқара ашқан мектепте қазіргі кезде 4446 оқушы білім алады. Барлығы 167 сыныптың ішінде 28-і – 1-сыныптар, яғни, осы саннан-ақ елордада мектептердегі оқушы орындарына деген үлкен сұранысты көреміз. Оқу үдерісін білікті де білімді 230 мұғалімдерден құралған педагогикалық ұжым қамтамасыз етеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев цифрлық сауаттылықты балаларға мектептен бастап үйрету қажеттігін үнемі қадап айтып жүр. «Цифрлық сауаттылықты балаларға мектептен бастап үйреткен дұрыс. Оқушылар озық технологияны оқуда тиімді пайдалана білгені жөн. Бұл – ұстаздарға да қатысты мәселе. Мұғалімдер заманауи дағдыларды жетік меңгеруі қажет. Жасанды интеллектті білім саласында кеңінен пайдаланған абзал» деді Президент. Ұстаздар күніне арналған салтанатты рәсімде сөйлеген сөзінде. Мемлекет басшысының осы ұстанымы біз барған №115 мектептің стратегиялық бағытына айналыпты. «Біздің мақсатымыз – оқушыны тек пәндік біліммен шектемей, оны XXI ғасыр талаптарына сай цифрлық сауатты, сыни ойлай алатын, өз ойын дәлелдей білетін, технологияны тұтынушы ғана емес, оны жасаушы тұлға ретінде қалыптастыру. Бұл жолда мектеп ұжымы қысқа уақыт ішінде нақты жобаларға негізделген жүйелі жұмысты бастап кетті.

Мектебіміздің негізгі ерекшеліктерінің бірі – AI Creators Lab зертханасының құрылуы. Бұл зертхана жасанды интеллект, цифрлық технология, инженерлік ойлау және жобалық оқыту біріктіретін шығармашылық алаңға айналып отыр. Оның аясында оқушылар да, мұғалімдер де жаңа технологияларды тәжірибе жүзінде меңгеріп, нақты нәтижеге бағытталған жобалармен жұмыс істеуде. AI Creators Lab бастамасымен мектепте бірнеше пилоттық жоба жүзеге асырылуда. Мәселен, Effesta жобасы ағылшын тілін жасанды интеллект көмегімен оқытуға бағытталған. Бұл платформа оқушының білім деңгейін анықтап, жеке оқу траекториясын ұсынады, сөйлеу және грамматикалық қателерін талдайды. Мұндай тәсіл әр баланың қабілетіне қарай жұмыс жүргізуге мүмкіндік береді.

Al Roqed AI жобасы мұғалімдердің жұмысын жеңілдетуге арналған интеллектуалды көмекші ретінде енгізілуде. Ол оқу бағдарламасына сәйкес қысқа және орта мерзімді жоспарлар әзірлеуге, оқу мақсаттары мен бағалау критерийлерін жүйелеуге көмектеседі. Бұл – педагогтың уақытын үнемдеп қана қоймай, оның шығармашылық әлеуетін арттыруға жол ашатын маңызды құрал.

Мектепшілік басқару мен қауіпсіздік те цифрлық шешімдер арқылы дамытылуда. Аласап интеллектуалды мониторинг жүйесі оқушылардың қатысуы, тәртібі мен белсенділік динамикасын талдауға мүмкіндік берсе, Otan APK турник жүйесі мектепке кіру-шығу тәртібін автоматтандырып, қауіпсіздік деңгейін күшейтеді. Сонымен қатар Protector AI жобасы буллингтің алдын алуға, мектепте психологиялық тұрғыдан қауіпсіз орта қалыптастыруға бағытталған. Оқу сапасын арттыру мақсатында BilimClass автоматтандырылған бағалау жүйесі қолданылуда. Бұл платформа оқушы жетістігінің динамикасын бақылауға, оқу үлгерімін ашық әрі жүйелі талдауға мүмкіндік береді. Біздің мектепте STEM, инженерия және робототехника бағыттарына да ерекше мән беріледі. Artizan



## КЕЛЕШЕККЕ АШЫЛҒАН ЕСІК

Бүгінгі таңдағы заманауи мектеп – толығымен жабдықталған көздің жауын алатын бөлмелер мен цифрлық технологиялар кеңістігі ғана емес, әр оқушыны жан-жақты шығармашылық тұрғыдан дамытатын интеллектуалдық орта. Осы ортада жаңа буынның білімге деген сұранысына жауап беретін білім мен тәжірибе, тәрбие мен құндылық, жаңашылдық пен жауапкершілік тоғысқан. Инновациялық үрдістер, цифрландыру және жасанды интеллект технологиялары білім беру саласына жүйелі және тереңдеп енгізіліп жатқан мұндай білім ордалары озат, тәрбиелі, цифрлық сауаты мол, ұлтын сүйетін адал ұрпақты өсіріп шығаратыны анық. Мінеки, тура осындай үздік үрдіс Астана қаласындағы №115 жалпы орта білім беретін мектепте енгізілуде. Жуырда білім ордасына арнайы ат басын тіреп, тыныс-тіршілігімен танысып қайттық.



жобасы арқылы оқушылар 3D модельдеу, конструкторлық жобалау, зертханалық жұмыстар мен инженерлік шешімдерге машықтанады. CodePlay платформасы бағдарламалау мен алгоритмдік ойлауды дамытуға негізделген. Scratch, Python секілді тілдер арқылы балалар логикасын жетілдіріп, жобалық жұмыс істеу мәдениетін меңгереді» деп түсіндірді жаңашыл технологияларды Астана қаласы әкімдігінің №115 жалпы орта білім беретін мектебінің директоры Жұлдыз Рахметова.

Мектеп басшысының айтуынша, технологиялық бағыттағы ізденістер спорт саласымен де ұштасып отыр. Соның жарқын мысалы – Drone Soccer жобасы. Бұл – дрондарды басқару, инженерлік ойлау, командалық жұмыс және киберспорт элементтерін біріктіретін болашақтың жаңа бағыты. Жуырда информатика пәнінің мұғалімі Алтынай Солтанғалидың жетекшілігімен мектеп оқушылары халықаралық INFOMATRIX байқауына қатысып, жүлделі III орынды иеленген. Бұл жетістік команданы Италияда өтетін әлемдік жарысқа жолдама беріпті. Мұндай нәтиже – №115 мектептің халықаралық деңгейге қадам басқанын көрсететін үлкен мақтаныш. Білім ұясының халықаралық аренадағы жетістіктері мұнымен шектелмейді.

Оқушылар Озбекстанда өткен Uzbekistan FIRST Championship 2026 халықаралық жарысында жоғары нәтиже көрсетіп, Champion's Award Finalist атағын иеленген. Құаныш Мейрамқызы жетекшілік еткен команда мүшелерінің еңбегі мен оқушылардың табандылығы халықаралық деңгейде лайықты бағаланған. Бүгінгі таңда №115 мектепте халықаралық дәрежедегі жүлдегерлер білім алууда, сондай-ақ химия пәні бойынша тағы бір оқушы халықаралық деңгейдегі жарыстарға дайындалуда. Бұл – жаңа мектеп үшін аз уақыттың ішінде қол жеткізілген маңызды көрсеткіш.

Бір жылдың ішінде мектеп оқушылары түрлі білім, ғылым, технология және шығармашылық бағыттарда елеулі жетістіктерге қол жеткізген. Халықаралық және республикалық деңгейдегі байқауларда жүлделі орындарға ие болып, мектеп абыройын арттыруда. Сонымен қатар, алғашқы түлектердің бірқатары қазірдің өзінде шетелдік жоғары оқу орындарына түсіп, өз білімін әлемдік деңгейде жалғастыруға шешім қабылдаған. Бұл – мектеп ұжымы, оқушы еңбегі және ата-ана сенімінің нақты нәтижесі.

Мектеп директоры сондай-ақ жұмысқа авторлық бастамалар да

жүйелі түрде дамып келе жатқанын айтады. «CyberSerbaz жобасы әскери-патриоттық тәрбие, дрон басқару және техникалық дағдыларды дамытуға бағытталған. Бұл жоба оқушылардың Отанға деген жауапкершілігін, тәртіпке құрметін және технологиялық қабілетін қатар қалыптастырады. ChemLab жобасы үйден оқитын балалар үшін цифрлық білім беру мүмкіндігін кеңейтеді. Интерактивті зертханалық жұмыстар, бейнесабақтар және онлайн тапсырмалар арқылы ерекше білім алу қажеттілігі бар немесе үй жағдайында оқитын балалар да сапалы білімге қол жеткізе алады. Ал FITA жобасы экологиялық тәрбие мен ағылшын тілін креативті әдістер арқылы ұштастырады. Бастауыш сынып оқушылары табиғатты қорғау мәдениетін меңгеріп қана қоймай, шет тілін де қызықты форматта үйренеді. Бұл – білім мен тәрбиенің бір арнада тоғысқан үлгісі.

Біздің мектеп үшін ұлттық құндылық мәселесі де – басты назарда. Себебі технология қаншалықты дамыса да, оның өзегінде ұлттық болмыс, тіл, мәдениет, тәрбие тұруы тиіс. Осы бағыттағы ерекше жобалардың бірі – «Цифрлы домбыра» бастамасы. Бұл жоба ұлттық музыканы заманауи технология-

мен байланыстырып, жасанды интеллект арқылы домбыра тартуды үйретуге мүмкіндік береді. Яғни біз ұлттық өнерді сақтап қана қоймай, оны жаңа буынға жақын, түсінікті, цифрлық форматта ұсынуға ұмтыламыз.

Мектептің дамуында ұстаздар қауымының рөлі айрықша. Осы мақсатта Upgrade Ustaz және EduTALK кәсіби алаңдары жұмыс істейді. Upgrade Ustaz – жас, креативті, заманауи ойлайтын педагогтердің жаңашыл қауымдастығы. Олар жаңа әдістемелерді сынақтан өткізіп, білім беру процесін жаңандыруға үлес қосуда. Ал EduTALK – бастауыш сыныптың тәжірибелі, шебер мұғалімдерінен құралған шығармашылық алаң. Бұл бірлестік бастауыш білімнің берік іргетасын қалыптастыруды басты миссиясы санайды. Бүгінгі мұғалім – тек сабақ беруші емес, ол – зерттеуші, тәлімгер, цифрлық мәдениетті қалыптастырушы және баланың болашағына бағыт беруші тұлға. Сондықтан мектебімізде AI креатив мамандары ұғымы қалыптасып келеді. Олар технологияны жай құрал ретінде емес, білім сапасын арттыратын, баланың қабілетін ашатын, мұғалім еңбегін жаңа деңгейге көтеретін мүмкіндік ретінде қабылдайды» деді Жұлдыз Рахметова.

Білім ордасындағы осы бағыттағы маңызды қадамдардың бірі – мектеп директорының бастамасымен іске қосылған заманауи AI HUB жобасы. AI HUB бірнеше негізгі аймақтан тұрады: жасанды интеллектті өзіндік меңгеру аймағы, робототехника және шығармашылық аймағы, конференц-аймақ, нейрожелілер мен вайб-коддинг аймағы. Бұл кеңістік оқушылардың деректермен жұмыс істеу, алгоритмдік ойлау, инженерлік жобалау, цифрлық шешім

әзірлеу дағдыларын дамытуға бағытталған. Цифрландыру бағытындағы жұмыс серіктестік байланыстармен де нығая түсуде. Мектеп еліміздегі Qaz.ai жасанды интеллектті дамыту қауымдастығымен және Az group ұйымдарымен ынтымақтастық орнатуда. Бұл серіктестік аясында жасанды интеллект бойынша білім беру бағдарламалары, курстар, тренингтер ұйымдастыру, оқушыларды технологиялық жобалар мен стартаптарға тарту, ғылыми-зерттеу жұмыстарын дамыту және кәсіптік бағдар беру бағыттары күшейтіледі.

Осылайша, №115 мектеп бір жылға жетпеген уақыт ішінде өзін жаңа форматтағы білім ордасы ретінде танытып үлгерді. Әрине, бұл жетістіктер бір күнде келген жоқ. Оның артында ұстаздардың еңбегі, оқушылардың ізденісі, ата-аналардың сенімі, серіктестердің қолдауы және ортақ мақсатқа жұмылған мектеп ұжымының жауапкершілігі тұр. «Біз үшін ең бастысы – заманауи технологияны ұлттық тәрбиенен ажыратпай дамыту. Себебі нағыз келешек мектебі робототехникасы бар, жасанды интеллектті қолданатын, халықаралық жарыстарға қатысатын мектеп қана емес, нағыз келешек мектебі – білімді де тәрбиелі, цифрлық сауатты да ұлттық болмысы берік, әлемге ашық та еліне адал ұрпақ тәрбиелейтін орта. Астана қаласы әкімдігінің №115 жалпы орта білім беретін мектебі – бүгінгі баланы ертеңгі ел тірегіне айналдыру мақсат еткен білім кеңістігі. Біз мектеп ашқан жоқпыз, біз келешекке есік аштық. Ал сол есіктен сеніммен аттайтын әрбір оқушы – еліміздің ертеңгі үміті, жаңа Қазақстанның зияткер ұрпағы» деп сөзін түйіндеді Ж.Рахметова.



# АСТАНА МӘДЕНИ ОРДАҒА АЙНАЛДЫ

Бүгін – елімізде Мәдениет және өнер қызметкерлері күні. Бұл – ұлттық құндылықтарымызды, руханиятымызды, мәдени мұрамызды сақтауға және дамытуға үлес қосып жүрген жандардың кәсіби мерекесі. Астана бас қала болғаннан кейін айтулы мәдениет ошақтары мен өнер ордалары осында шоғырланған. Бұл мекемелерде өмірін аталған салалармен байланыстырған қаншама адам еңбек етіп жатыр. Осы қатарда Мәдениет және ақпарат министрлігіне қарасты мекемелермен бірге Астана қаласы Мәдениет басқармасына қарайтындары да бар. Атап айтқанда, театрлар, музейлер, кітапханалар, концерттік ұйымдар еліміздің рухани тынысында айрықша орын алады.

**Қ**абырғалы қаламгер Әбіш Кекілбайұлынан мәтелге айналған «Адамды адам еткен – кітап, адамзат еткен – кітапхана» деген сөз қалды. Қазір елордада кітапхана ісі қарқынды дамып жатыр. Осыдан екі-үш жыл бұрын Астана қаласы Орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарайтын 18 кітапхана болса, одан кейін Мемлекет басшысының тапсырмасымен қосымша 7 кітапхана ашылды. Қазіргі 25 кітапхананың барлығы толық жаңғыртудан өткізіліп, заманауи талаптарға сай жұмыс істеп жатыр. Бүгінде қалалық кітапханалардың тұрақты оқырмандары саны 100 мыңға жетті. Биылғы меже – олардың санын 100 мыңнан асыру. Оған толық мүмкіндік бар, себебі қала

Мүсірепов «Театр – хас сұлудың көз жасындай мөлдір өнер» дейді. Бүгіндері бас қалада театрлар саны 10-нан асады. Соның ішінде қалалық 7 театр бар. Бұл қатарда тарихы бір ғасырдан асатын, былтыр 125 жылдығын атап өткен М.Горький атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театры, «Жастар» театры, «Наз» мемлекеттік би театры, Әзірбайжан Мәмбетов атындағы Мемлекеттік драма және комедия театры, «Қуыршақ» театры, Музыкалық жас көрермен театры және Қазақстан мен Орталық Азияда инклюзивті бағытта алғаш ашылған «Қанаттылар» театры. Осы ерекше театрға тоқталайық.

«Қанаттылар» осыдан 5 жыл бұрын Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен «Жастар» театры-

Өнер ошағы ерекше жандардың шынайы өмірін сахна арқылы көрсетіп қана қоймай, оларды қоғамның толыққанды мүшесі ретінде қалыптастыруға күш салады.

Қазіргі таңда театрда 30-дан аса актер еңбек етеді. Актерлермен бірге хореограф, вокал аудармашы және әкімшілік қызметкерлері жұмыс істейді. Штаттың 70%-дан астамы – мүмкіндігі шектеулі жандар. Бұл театрдың инклюзивті бағытын шынайы айқындайды.

Осы күндерге дейін «Қанаттылардың» репертуарына 12 қойылым енген. Спектакльдердің жанры да сан алуан. Драма, мелодрама, комедиядан бастап ертегіге дейін бар.

Өткен жылы «Қанаттылар» театры халықаралық деңгейде өнер көрсетіп, Ресей астана-



ету мақсатында Шанханай ауылына барды. Зиярат жасап, кейін музейін аралап, ғалымның өмірі мен еңбектеріне тереңірек үңілді. Ал осы айда жастарлықтар Жаңаөзен және Ақтау қалаларына барып үлгерді.

Келесі айға еліміздің батыс өңірінде Музыкалық жас көрермен театрының гастролі жоспарланған. Өнер ұжымы Ақтау қаласында 5-10 маусым аралығында болып, қойылымдарын ұсынады.

Елордадағы іргелі өнер ошақтарының бірі – Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясы. Мұнда мыңдаған адам, 13 шығармашылық ұжым жұмыс істейді. Құрамында қазақ оркестрі, симфониялық оркестр, Қ.Жүмекенов атындағы үрлемелі аспаптар оркестрі, Ғ.Жұбанова атындағы мемлекеттік ішектік квартет, камералық хор, «Сарыарқа» фольклорлық ансамблі, «Шалқыма» халық би ансамблі, «Қорқыт» этно-ансамблі, «FORTE TRIO» мемлекеттік триосы, классикалық және эстрадалық вокал бөлімдері, халық әні бөлімі, «ALEM» заманауи би балеті бар.

Елорда филармониясында елге танымал әртістер қызмет істейді. Атап айтқанда, Қазақстанның халық әртістері – Айтқали Жайымов, Майра Лиясова, Нұржамал Усенбаева, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері – Алтынай Жорабаева, Ұлықпан Жолдасов, Арайлым Рахым, Светлана Айтбаева, Бибігүл Жанұзақ, Азамат Жылтырқозов, Айгүл Қосанова, т.б. бар. Талантты жастар да баршылық. Соның ішінде «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаттары – Алтынбек Әбілда, Қалқаман Дүйсенбаев, Ақбота Құснадин

**ЖАЛПЫ ҚАЗІРГІ ТАҢДА ЕЛОРДА МӘДЕНИЕТІ МЕН ӨНЕРІ ҚАЛЫПТАСТЫ. БАС ҚАЛАДА КҮНДЕ ТҮРЛІ МӘДЕНИ ІС-ШАРАЛАР ӨТЕДІ. ЖҰРТ ТАЛҒАМЫ МЕН ТАҢДАУЫНА ҚАРАЙ БАРЫП ЖАТАДЫ. ҚАЗІР АСТАНА МӘДЕНИ ОРДАҒА АЙНАЛДЫ ДЕП СЕНІММЕН АЙТА АЛАМЫЗ**



есімдерін ерекше атап өтуге болады.

Елорданың Бірлескен музей-лер дирекциясына «АЛЖИР» мемориалды музей-кешені, Сәкен Сейфуллин музейі және Өнер музейі қарайды. Аталмыш руханият ошақтары өткен тарих туралы сыр шертеді. «АЛЖИР»-де өткен ғасырдағы қуғын-сүргін жылдарынан жәдігерлер мен жазықсыз жапа шеккен адамдардың тағдырларынан құжаттар мен суреттер жинақталса, Сәкен Сейфуллин музейі Сәкендей мемлекет және қоғам қайраткері мен сегіз қырлы, бір сырлы азаматтың

өмірі мен шығармашылығына арналады, ал Өнер музейі өткен келе жатқан ұлттық аспаптармен таныстырады.

Елорданың «Жастар» сарайының құрамында да «Астана» эстрада-симфониялық оркестрі, тағы осы секілді шығармашылық ұжымдар жұмыс істейді. Жалпы қазіргі таңда елорда мәдениеті мен өнері қалыптасты. Бас қалада күнде түрлі мәдени іс-шаралар өтеді. Жұрт талғамы мен таңдауына қарай барып жатады. Қазір Астана мәдени ордаға айналды деп сеніммен айта аламыз.



тұрғындарының саны да артып келе жатыр. Қалалық кітапханалардың кітап қоры да өсу үстінде. Бүгінде қор 850 мыңнан асты. Сирек кездесетін, құнды кітаптарды да алдырып, оларды цифрландырып, көпшілікке ұсыну жоспарланған.

Классик қаламгер Ғабит

ның жанынан құрылды. Оның басты мақсаты – мүмкіндігі шектеулі дарынды адамдардың шығармашылығын дамыту, әлеуметтендіру және оларды қоғаммен үйлесімді байланыстыру. Бір жарым жыл бұрын бұл театр «Жастар» театрынан бөлініп шығып, жеке отау болды.

сы Мәскеу қаласында өткен ерекше балаларға арналған фестивальге қатысты. Театр ұжымы форумда «Үй таңданған лақ» ертегісін қойып, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Сонымен қатар, театр Қазақстанның бірқатар өңірлерінде гастрольдік сапарлармен өз өнерін кеңінен насихаттады. Атап айтқанда, Семей қаласында, Қарауыл ауылында, Талдықорған және Ақтөбе қалаларында, сондай-ақ Ақмола облысының Астрахан ауданында өнер көрсетті.

Гастроль демекші, биыл бас қаланың театрларына, жалпы өнер ұжымдарына шығармашылық сапармен ел аралауға мол мүмкіндік беріліп отыр. Мәселен, «Жастар» театры сәуір айында Павлодар және Екібастұз қалаларына барып келді, Алматы мен Қонаев қалаларында қойылымдарын қойды. Өнер ошағы қазір «Шоқан және Ыстықкөл» спектаклінің премьерасына дайындық үстінде. Алматы облысына сапары барысында ұжым Шоқан рухына тағзым



Бетті дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**



Қалиакбар  
УСЕМХАНҰЛЫ

Лекцияның ашылуында Қазақстан Жазушылар одағы Астана филиалының директоры, жобаның ұйымдастырушысы, ақын Бауыржан Бабажанұлы жобаның оқырман тарапынан үлкен қызығушылыққа ие болғанын атап өтті. Оның айтуынша, былтыр дәрістер негізінен Астанадағы қаламгерлердің қатысуымен ұйымдастырылса, биыл жоба аясын кеңейтіп, өзге өңірлерден де белгілі әдебиет өкілдері шақырылған. Бұған дейін Сұлтан Раев пен Бексұлтан Нұржекеұлы секілді қаламгерлер дәріс оқыған. Ал бұл жолы Алматыдан арнайы келген жазушы Жүсіпбек Қорғасбек оқырманмен еркін пікір алмасып, әдебиет пен руханият төңірегінде ой өрбітті. Кездесу барысында қазақ әдебиетіндегі интеллектуалдық бағыт, қаламгердің шығармашылық ұстанымы мен қазіргі әдеби үдерістің өзекті мәселелері сөз болды.

Сондай-ақ жазушының «Қазіргі заманғы қазақ романы» байқауында топ жарған «Кельндегі көкжал» шығармасының идеялық-мазмұндық ерекшелігі мен қоғамдағы рухани құндылықтарды бейнелеудегі көркемдік ізденістері жайында да әңгіме өрбиді.

— Қазақ қоғамында тұлғаларды топтап атау дәстүрі бар. «Арыстар тобы», «Алыптар тобы», «Үш бәйтерек» секілді тарихи атаулар халық жадында сақталғанымен, одан кейінгілерді не деп атаған? Ойыңа ештеңе түспейді. «Соғысқа қатысқандар», «Тың көтергендер», «Бейбіт заманның ақындары» деп көгенге тізгендей етеді де, бертіндегілерді «жеті жетім», «Бес тапал» деп әр саққа жүгіртті. Әйтеуір «алпысыншы жылғылар» деген ат қана абыроймызды сақтап тұрған сияқты. Мен бұл атауларды бекер айтып отырған жоқпын. Яғни бұл арадағы менің мақсатым қоғамға «аңыз адамдар» деген идеяны енгізу» деп сөз бастаған қаламгер Нұрғали Ораз, Роза Мұқанова, Асқар Алтай және өзі қатарлы қаламгерлерді шығармашылық еркіндікті

## ҰЛТТЫҚ БОЛМЫС ЖӘНЕ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ӘДЕБИЕТ

Астана қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының қолдауымен өткізіліп келе жатқан Қазақстан Жазушылар одағы Астана филиалының «Қаламгер ұстаханасы» жобасы аясында ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында «Қазақ әдебиетіндегі интеллектуалды мәдениет» тақырыбында тағылымды кездесу өтті. Кеш қонағы – «Тарлан-Үміт» сыйлығының, «Құрмет» орденінің иегері, қазіргі заман қазақ романы байқауының жеңімпазы, белгілі жазушы Жүсіпбек Қорғасбек болды.

орнықтырған буын ретінде атады. Оның пікірінше, «Төрт тарлан» деп атауға да лайық бұл буын қаламақысыз-ақ сапалы шығармалар жазып, әдебиеттегі өз орнын дәлелдей алды. Сонымен қатар ол алған әдеби сыйлықтарының өзі үшін мақтан емес, шығармашылық тәуелсіздіктің белгісі екенін атап өтті.

Жазушы осы ойдың жетегімен кейінгі жылдары қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғалары туралы эссе жанрында көлемді еңбектер жазып жүргенін айтты. Атап айтқанда, Шерхан Мұртаза, Мұхтар Мағауин, Әбіш Кекілбайұлы, Төлен Әбдік, Бексұлтан Нұржекеұлы, Олжас Сүлейменов, Әбдіжәмил Нұрпейісов секілді тұлғалар туралы жазылған естеліктер мен толғаулар бүгінде үш кітапқа жуық дүниеге айналған.

Қаламгердің сөзінше, бұл еңбектерде ол ұсақ әңгімеге бармай, ірі тұлғаларға лайық парасат биігінен қарауға ұмтылған. Сондай-ақ ол әлеуметтік желіде кең тараған эсселерінің оқырман тарапынан үлкен қызығушылыққа ие болғанын атап өтті. Дегенмен, жазушы рухани мұраны түгіндеу жо-

лында түрлі кедергілерді де сезінгенін жасырмады. Оның айтуынша, қоғамда ірі тұлғаларды шынайы бағалап, олардың болмысын терең зерделеу ісі әрдайым оңай бола бермейді.

Кездесу барысында Жүсіпбек Қорғасбек өзінің «Кельндегі көкжал» романының идеялық өзегі туралы айтып, шетелге сатылып кеткен баланың туған елге деген сағынышы мен

ұлттық болмыстан ажырамау мәселесіне назар аударғанын атап өтті. Қаламгердің сөзінше, роман кейіпкерінің түн ішінде қасқырша ұлуы – жай мифологиялық тәсіл емес, адамның туған елге деген аңсары мен рухани жалғыздығын бейнелейтін символдық көрініс. «Шетелге кеткен балаға өгей әкесі кішкентай кезінде «нағыз қазақ болу үшін қасқыр болып ұлу керек» деп үйреткен. Бала күнінде қызық көріп қасқыр болып ұлиды да, кейін ол мұны ұмытып кетеді. Бірақ Лондонда жүріп туған жерін қатты сағынғанда, біртүні еріксіз қасқырша ұлиды. Сөйтіп, асырап алған шетелдік ата-анасының зәресін алады. Бұл – адамның тамырынан, туған топырағынан толық ажырай алмайтынын көрсететін көрініс» деді жазушы.

Кездесу соңында Жүсіпбек Қорғасбек әдебиеттегі гуманизм мәселесіне тоқталып, суицид тақырыбын дәріптеуге қарсы екенін айтты. «Қаламгердің пікірінше, әдебиеттің басты

мұраты – адамды өмірге құштар ету, рухын көтеру және ұлттың болашағына қызмет ету. Мен адамдардың күшейгені де назар аударды. Оның айтуынша, бүгінгі оқырман өмірге құлшыныс беретін, адамды тіршілікке ынталандыратын шығармаларға көбірек бет бұра бастаған. Сонымен қатар қаламгер қазіргі әдеби ортада кітапты насихаттау мен ұсыну мәдениетінің өзгергенін де атап өтті. Оның пікірінше, қазір мазмұны терең шығармадан гөрі жарнамасы мықты кітаптар тез өтетін заман қалыптасқан. Осыған байланысты ол интеллектуалды мәдениетті дамыту үшін тек шығарма жазу аздық ететінін, оны оқырманға дұрыс жеткізе білу де маңызды екенін атап өтті.

Жүсіпбек Қорғасбек қазіргі қоғамда мотивациялық әдебиеттің ықпалы күшейгені де назар аударды. Оның айтуынша, бүгінгі оқырман өмірге құлшыныс беретін, адамды тіршілікке ынталандыратын шығармаларға көбірек бет бұра бастаған. Сонымен қатар қаламгер қазіргі әдеби ортада кітапты насихаттау мен ұсыну мәдениетінің өзгергенін де атап өтті. Оның пікірінше, қазір мазмұны терең шығармадан гөрі жарнамасы мықты кітаптар тез өтетін заман қалыптасқан. Осыған байланысты ол интеллектуалды мәдениетті дамыту үшін тек шығарма жазу аздық ететінін, оны оқырманға дұрыс жеткізе білу де маңызды екенін атап өтті.



## ӨЗ АИТВ МӘРТЕБЕҢІЗДІ БІЛУ МАҢЫЗДЫ

Денсаулық мәселесі әрқашан адам өміріндегі ең маңызды құндылықтардың бірі болып қала береді. Алайда көптеген адамдар әлі күнге дейін АИТВ тақырыбынан қашқақтайды, оны өздеріне қатысы жоқ немесе тек белгілі бір топтарға ғана тән мәселе деп санайды. Шын мәнінде, АИТВ кез келген адамға әсер етуі мүмкін, сондықтан өзінің АИТВ мәртебесін білу – жай ғана медициналық тексеріс емес, өз денсаулығын сақтау мен айналасындағылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды қадамы.

АИТВ – адамның иммун тапшылығы вирусы. Ол иммундық жүйені зақымдап, ағзаның инфекциялар мен түрлі ауруларға қарсы күресу қабілетін біртіндеп төмендетеді. Уақытында ем қабылданбаса, АИТВ ЖИТС кезеңіне – жүре пайда болған иммун тапшылығы синдромына өтуі мүмкін. Бірақ қазіргі медицина АИТВ-мен өмір сүретін адамдарға дер кезінде диагноз қойылып, ем басталса, толыққанды, ұзақ әрі белсенді өмір сүруге мүмкіндік береді.

Өзінің АИТВ мәртебесін білудің басты себебі – инфекцияны ерте анықтау мүмкіндігі. Аурудың бастапқы кезеңдерінде ешқандай белгілер байқалмауы мүмкін. Адам өзін толықтай сау сезінеді, күнделікті өмірін жалғастыра береді және вирустың бар екенін білмейді. АИТВ-ны тек тестіден өту арқылы ғана анықтауға болады.

АИТВ-ны ерте анықтау антиретровирустық терапияны мүмкіндігінше ертерек бастауға мүмкіндік береді. Мұндай ем вирустық жүктемені азайтып, иммунитетті күшейтеді және ауыр асқынулардың алдын алады. Сонымен қатар, тұрақты ем қабылдаған жағдайда адам вирусты басқаға жұқтыру қаупін іс жүзінде нөлге дейін төмендетеді алады.

Өз мәртебесін білу жақын адамдар алдындағы жауапкершілік тұрғысынан да маңызды. Бұл отбасылық қарым-қатынасқа, жүктілікті жоспарлауға, серіктеске және болашақ балалардың денсаулығына қатысты. Бүгінде АИТВ-мен өмір сүретін әйелдер медициналық бақылау арқылы дені сау бала дүниеге әкеле алады, ал отбасылар қорқынышсыз және кемсітусіз толыққанды өмір сүре алады.

Психологиялық тұрғыдан

да бұл өте маңызды. Белгісіздік әрқашан алаңдаушылық тудырады. Көптеген адамдар оң нәтиже шығып қалады деген қорқынышпен тест тапсырудан қашып, жылдар бойы уайыммен өмір сүреді. Алайда ең үлкен қауіп – білмеуде. Уақытылы диагностика тек емді бастауға ғана емес, адамның өз өмірін бақылауға алуына да мүмкіндік береді.

Бүгінде АИТВ-ға тест тапсыру қолжетімді, жылдам және құпия түрде жүргізіледі. Тіркелген емханада және АИТВ-инфекциясының алдын алу орталықтарында бұл тексеруден тегін өтуге болады. Процедура көп уақыт алмайды, бірақ адамның болашағында шешуші рөл атқаруы мүмкін.

Қоғам біртіндеп АИТВ-ға қатысты стереотиптерден арылып келеді, бірақ стигматизация мәселесі әлі де бар. Сондықтан бұл туралы ашық, сабырлы және

кәсіби түрде айту маңызды. АИТВ – үкім емес, бақылауға болатын созылмалы ауру.

Өзінің АИТВ мәртебесін білу – өзіңе, денсаулығыңа және айналасыңдағы адамдарға жауапкершіліктен қарау деген сөз. Бұл – есейгендіктің, саналы көзқарастың және болашаққа деген қамқорлықтың белгісі. Кейде бір ғана қарапайым тест адамның өмірін өзгертуі мүмкін – ең бастысы, оны дер кезінде жасау.

АИТВ-инфекциясының алдын алу мәселелері бойынша елорда тұрғындары мен қонақтары Астана қаласының АИТВ инфекциясының алдын алу орталығына мына мекенжай бойынша жүгіне алады: И.Есенберлин көшесі, 5/1. Сенім телефондары: 57-67-20, 38-07-02. Орталық мамандары толық құпиялылықты сақтай отырып, білікті кеңес, қажетті ақпарат және медициналық сүйемелдеу көрсетеді.

**Ж.АЙТМАҒАНБЕТҚЫЗЫ,**  
Астана қаласы  
әкімдігінің «АИТВ ин-  
фекциясының алдын алу  
орталығы» МКҚК  
эпидемиолог дәрігері

### ХАБАРЛАНДЫРУ

«ZIPA LOGISTICS» ЖШС, ҚР Экологиялық кодексінің 95-бабына сәйкес, «Астана қ., Алматы р-ны, Ақжол даңғылы, 97/4 телім (бұрын: Астана қ., Алматы р-ны, әл-Фараби даңғылы, 97/4 телім) мекенжайында орналасқан «ZIPA LOGISTICS» ЖШС үшін әсер етуге экологиялық рұқсат алуға арналған материалдар» жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Қоғамдық тыңдау 2026 жылғы 10 шілдеде сағат 15:00-де Астана қ., Алматы ауданы, Ақжол даңғылы, 97/3 телім мекенжайындағы әкімшілік ғимаратында өтеді. Ашық жиналысты өткізу мерзімі, қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша, қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін. Бастамашы: «ZIPA LOGISTICS» ЖШС. Заңды мекенжайы: Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Жұмабек Тәшенов көшесі, 27-ғимарат, пошта индексі: Z00Y4K4. Тел.: 87010802200.

Жобаны әзірлеуші: «Деревянка» ЖҚ, Алматы қ., Наурызбай ауданы, Қалқаман-2 шағын ауданы, Райымбек Сейітметов көшесі, 14-үй, тел.: 87759609601.

Көзделген қызмет бойынша хабарландыру мен құжаттар мына сілтеме бойынша: <https://ndbecology.gov.kz/> сайттың және Астана қаласының ҚОЖТІП (УООИП) сайтында орналастырылған, қосымша ақпарат алу үшін +7(778) 5295050 телефонына хабарласуға болады.

ЖАО, қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы ақпаратқа жұртшылықтың қол жеткізуін қамтамасыз етуге жауапты – «Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы» КММ, Астана қ., Сарыарқа даңғылы, 13. E-mail: uoosip@astana.kz.

Жұртшылық қоғамдық тыңдауға жіберілген құжаттарға қатысты өз ескертулері мен ұсыныстарын қағаз немесе электронды түрде <https://ndbecology.gov.kz/> сайтына жолдай алады.

«Ваш Столичный Ломбард» ЖШС кепіл мүлкін соттан тыс сатуды күн сайын жүзеге асырады. Ломбардтардағы зергерлік бұйымдар түріндегі мүлікті ашық аукцион арқылы сатады. Толығырақ: [vsl.kz/torgi](https://vsl.kz/torgi)

## «МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯ» ФОРУМЫ

Мәдениет және өнер қызметкерлері күніне орай Астанада «Мәдениет және инновация» республикалық форумы өтіп жатыр. Іс-шараға еліміздің барлық өңірінен мәдениет ұйымдарының өкілдері, халықаралық сарапшылар, бизнес қауымдастық мүшелері, креативті индустрия және технологиялық компаниялардың мамандары жиналды.



Форумның ашылуында ҚР Премьер-министрінің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева-ның құттықтау хаты оқылды. Құттықтауда мәдениеттің ұлттық бірегейлікті нығайтудағы, креативті индустрияны дамытудағы және сала жұмысына инновациялық тәсілдерді енгізудің маңызы ерекше екені атап өтілді.

Форумның ашылуы барысында Қытай, Үндістан және Германиядан келген халықаралық сарапшылар да сөз сөйледі. Олардың қатарында Jinbang (Henan) Cultural Tourism Development компаниясының төрағасы Мисс Мин, Story Arts

Foundation қорының негізін қалаушы Дипа Киран, сондай-ақ live entertainment саласындағы халықаралық продюсер әрі креативті жетекші Артем Бадалян бар. Спикерлер жобаларды жүзеге асыру, сторителлингті дамыту, көпшілік алдында сөйлеу және ауқымды шоу бағдарламаларды ұйымдасты-

рудың маңызы туралы айтты.

Қатысушылар мұндағы басты ерекшелік – дәстүрлі оқыту үлгісінен нақты жобалар әзірлеуге негізделген тәжірибелік форматқа көшу екенін айтады. Форумның алғашқы күнінде «Мәдениет пен бизнес: серіктестер мен брендтерге қызықты жобаларды қалай жасауға болады?» тақырыбында панельдік сессия өткізілді. Сонымен қатар кітапхана, архив, музей ісі, мәдени-демалыс, театр және концерт ұйымдарына арналған жеке секциялар өтуде. Қатысушылар үшін іс-шараларды техникалық қамтамасыз ету, визуал технологиялар, сценария және өзге де тәжірибелік бағыттар бойынша шеберлік сағаттары ұйымдастырылды. Екінші күні тәжірибелік жұмысқа басымдық берілді. Қатысушылар заманауи цифрлық құралдармен танысып, фасилитациялық сессиялар арқылы мәдени ұйымдарға арналған бастамаларды әзірледі. Ал жиынның соңғы күнінде командалар өз жобаларын сарапшыларға таныстырып, кейін өңірлерде жүзеге асырылатын үздік жобалар анықталмақ.

### Шапағат ӘБДІР



Елорда төрінде ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі және Астана әкімдігінің қолдауымен Бейбітшілік және келісім сарайында Қайта өрлеу дәуірінің ұлы ойшылы Леонардо да Винчидің өмірі мен инженерлік мұрасына арналған «Leonardo da Vinci: Genius of the Renaissance» халықаралық көрмесі ашылды. Экспозицияда ғалымның ғылыми ізденістері, өнертапқыштық идеялары және адамзат өркениетіне қалдырған бірегей мұрасы кеңінен таныстырылады.

## ӘЛЕМДІК КӨРМЕ – АСТАНАДА

Көрменің ашылу салтанатына ҚР Премьер-министрінің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен, көрме комиссары Ольга Ригго, Римдегі Леонардо да Винчи музейі директоры Августо Биаджо және дипломатиялық корпус өкілдері қатысты.

Қазіргі таңда Қазақстанда 286 музей жұмыс істейді. Олардың қорында 4,5 миллионнан астам жәдігер сақталған. Жыл сайын музейлерге 6,5 миллионнан астам адам келеді.

Көрме үшін Астанаға Рим мен Флоренция музейлерінен Леонардо да Винчидің әйгілі «Винчи кодекстеріндегі» сызбалары негізінде қалпына келтірілген 40-тан астам толық өлшемді механизм жеткізілді. Инженерлік жобалардан бөлек, көрмеде Леонардо да Винчидің әйгілі туындыларының репродукциялары да қойылған. Олардың қатарында Мона Лиза мен Тайная вечеря секілді әлемге танымал шығармалар бар.

«Бүгінде Астана ірі мәдени және мультимедиялық жобалар өтетін маңызды халықаралық алаңға айналып келеді. Бұл – даму, технология және алға ұмтылыспен ассоциацияланатын заманауи қала. Сондықтан дәл осы жерде өз заманынан бірнеше ғасыр озық тұрған Леонардо да Винчи туралы айту ерекше символдық мәнге ие. Көрме Астана тұрғындары мен қонақтары үшін маңызды мәдени оқиға болатынына сенімдімін» деді Көрме комиссары Ольга Ригго.

Экспозиция заманауи мультимедиялық форматта безендірілген. Көрме аумағы шамамен 3 мың шаршы метрді алып жатыр және табиғаттың төрт элементіне – Ауа, Су, Жер және От тақырыптарына бөлінген. LED-туннельдер, цифрлық проекциялар мен голографиялық инсталляциялар арқылы келушілер Қайта өрлеу дәуірінің атмосферасын сезіне алады.



Виктор ФЕДЮНИН



## АШЫҚ АСПАН АСТЫНДАҒЫ МУЗЕЙ

Халықаралық музейлер күніне орай Астана қаласы әкімдігінің Бірлескен музейлер дирекциясына қарасты Өнер музейінде «Ашық аспан астындағы музей түні» атты мәдени-танымдық іс-шара өтті.

### Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Іс-шараның басты мақсаты – музей кеңістігін заманауи мәдени орта ретінде танытып, ұлттық өнерді, тарихи жадты және рухани мұраны жаңа форматта насихаттау. Қала тұрғындары мен қонақтарына музейді тек жәдігерлер сақталатын орын ретінде емес, өнер мен мәдениет тоғысатын ашық шығармашылық алаң ретінде ұсынуға бағытталған.

Бағдарлама аясында келушілер қазақ халқының

ни әрі мәдени құнды жәдігерлері сақталады. Адамзат өткені мен бүгіннен сыр шертеді. Әрбір қобыз, домбыра, көзе, торсық сияқты түрлі экспонаттар тарихтан, рухани әлемнен хабар береді. Музей әрқашан адам баласы үшін қастерлі саналады, – деді ол.

Өнер музейінің ашық кеңістігінде өтетін іс-шара ұлттық болмыс, мәдени сабақтастық және заманауи өнер ұғымдарын бір арнаға тоғыстырды. Ұлттық аспаптардың үні, музей экспозициялары, түнгі экскурсия және ашық аспан



дәстүрлі мәдениетімен, ұлттық өнердің көркемдік ерекшеліктерімен және музей қорындағы құнды экспозициялармен танысты. Іс-шара барысында киіз үйдің құрылымы мен жасалу ерекшеліктері таныстырылып, ұлттық аспаптар мәдениетіне арналған шеберлік сағаттары, жанды музыка, фото аймақ, балаларға арналған шығармашылық алаң, түнгі экскурсия және лекция-концерттік бағдарлама ұйымдастырылды.

«Креативті индустрияларды дамыту қоры» қоғамдық қорының өңірлік даму жөніндегі басқарушы директоры Ерлан Каналимов ой бөлісіп, іс-шараның маңыздылығына тоқталды.

– Халықаралық музейлер түнінің мән-мағынасы ерекше. Бұл шараға өнер мен мәдениет өкілдері, руханиятқа жанашыр жандар қатысты. Қазақтың киіз үйі, құнды дүниелер көрсетілді. Өйткені мұражайда халықтың руха-

астындағы мәдени атмосфераны кештің мазмұнын айрықша толықтыра түсті.

– Халықаралық музейлер түніне байланысты «Ашық аспан астындағы музей түні» ұйымдастырылды. Мұнда Болат Сарыбайұлы атындағы шеберхана жұмыс жасайды. Қазақ халқының соғыс, жорық уақытындағы атын білсе де, затын білмейтін құнды жәдігерлері қойылды. Белгілі этнограф ғалымдар Шоқан Уәлихановтан бастап, Ақселеу Сейдімбекке дейінгі зерттеген дүниелерін зерделеп, Joshy Qazaq National Group деген ансамбль құрылып, әндер, күйлер жазылып, халыққа танылып келеді. Бұл – өнер арқылы тарихты танып, мәдени мұрамен жаңа форматта қауышуға мүмкіндік беретін ерекше шара. Іс-шара Өнер музейінің елорданың мәдени өміріндегі маңызды шығармашылық кеңістік ретіндегі ролін айқындайды, – деп түйінді Өнер музейінің басшысы Баянды Сахарияұлы.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс № 59

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru  
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Асантемір ҚАРШЫҒАҰЛЫ